

## Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 644 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 15 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5489 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 324 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 324 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексіне  
с ә й к е с

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Есептілік және статистика департаменті (Л.И.Парусимова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Жәмішев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 3 0

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 644 бұйрығымен бекітілген

## Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесі

### 1-бөлім. Жалпы ереже

**Ескерту. 1-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы**

ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

1. Осы Ереже бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептіліктің нысандарын, кезеңділігін, мерзімін, жасалу мен беру тәртібін анықтайды, олар мынадай:

республикалық, тиісті мемлекеттік бюджеттердің, мемлекеттік және шоғырландырылған бюджеттердің атқарылуы туралы (бұдан әрі – бюджеттің атқарылуы туралы есеп);

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасын бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы;

мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түскен түсімдері мен ақша шығыстары жоспарларының атқарылуы туралы;

мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен түсімдер және ақшаны жұмсау туралы;

шетел валютасындағы қаражаттың қозғалысы туралы мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің кредиторлық берешегі туралы;

мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің дебиторлық берешегі туралы есеп түрлерін қамтиды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

2. Мың теңгеде жүзеге асырылатын есептерді қалыптастыру. Есеп көрсеткіштерінің бөлшек бөлігі нақты бірден онға дейінгі белгімен көрсетіледі және бүтін бөлігінен үтірмен бөлінеді.

## **2-бөлім. Бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және беру тәртібі**

Ескерту. 2-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

### **1. Бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру**

3. Бюджеттің атқарылуы туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар жасайды.

4. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп кассалық негізде жүзеге асырылатын

есепті кезең үшін тиісті бюджеттің түсімдері мен шығыстары бойынша барлық операцияларды көрсетеді.

5. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде анықталған бюджет құрылымы, бюджет түсімдері сыныптамасының, Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптама бюджет шығыстарының функционалдық, экономикалық сыныптамасының кодтары бойынша қалыптастырылады және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне сәйкес жасалады.

6. Мерзімділігі бойынша бюджеттің атқарылуы туралы есеп ай сайын және жыл қорытындысы бойынша жасалады. Бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есеп былайша қалыптасады.

7. Бюджеттің түсімдерін қамтитын бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімдері бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, ішкі сыныптары және ерекшеліктері бойынша деректерді қамтиды.

8. Бюджет шығыстарын қамтитын бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімдері функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджет шығыстары сыныптамасының бюджеттік бағдарламалары бойынша деректерді қамтиды.

Бюджеттің шығыстарын қамтитын жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімдері функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджеттік бағдарламалар, бюджет шығыстары сыныптамасының кіші бағдарламалары бойынша деректерді қамтиды.

9. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп түсімдердің бөлімі, кіші бөлімі, санаты, сыныбы және ішкі сыныбы бойынша, бюджет шығыстарының бөлімі, кіші бөлімі, функционалдық тобы, функционалдық кіші тобы, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, бюджеттік бағдарлама, кіші бағдарлама бойынша аралық қорытындыларды қамтиды.

## **2. Бюджеттің атқарылуы туралы есептің құрылымы**

10. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп өзіне мынадай бөлімдерді (кіші бөлімдерді) қамтиды:

1) кірістер (I):  
салық түсімдері;

- салықтан тыс түсімдер;  
негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;  
трансферттердің түсімдері;  
2) шығындар (II);  
3) таза бюджеттік кредит беру (III):  
бюджеттік кредиттер;  
бюджеттік кредиттерді өтеу;  
4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо (IV):  
қаржылық активтер сатып алу;  
мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсім;  
5) бюджеттің тапшылығы (профициті) (V);  
6) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) (VI):  
қарыздардың түсімі;  
қарыздарды өтеу;  
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары;  
7) "Бюджет қаражаттарының қалдықтары" анықтамалық бөлімі:  
қаржы жылының басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары;  
есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары.

11. I "Кірістер" бөлімі бюджетке түсетін түсімдерді көрсетеді және бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының бастапқы төрт санаты бойынша бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын мынадай төрт кіші бөлімдерден тұрады: "Салық түсімдері", "Салықтан тыс түсімдер", "Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер", "Трансферттер түсімдері".

12. II "Шығындар" бөлімі қайтарымсыз негізде жүзеге асырылатын бюджеттен төлемдерді көрсететін шығыстардың функционалдық сыныптамасының 1-15 функционалдық топтарынан тұрады.

13. III "Таза бюджеттік кредит беру" бөлімі қайтарымды негізде жүзеге асырылатын бюджеттен төлемдер және бұрын берілген кредиттер бойынша борышты өтеу есебінен бюджетке түсетін түсімдер тиісінше көрсетілетін "Бюджеттік кредиттер" және "Бюджеттік кредиттерді өтеу" кіші бөлімдері арасындағы айырманы көрсетеді.

Таза бюджеттік кредит беру  $K = (bk - pk)$  формуласы бойынша анықталады

$K$  - таза бюджеттік кредит беру;  
 $bk$  - бюджеттік кредиттер;  
 $pk$  - бюджеттік кредиттерді өтеу.

14. IV "Қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо" бөлімі қаржылық активтерді сатып алуға шығыстар және мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан бюджетке түскен түсімдер тиісінше көрсетілетін "Қаржылық

активтерді сатып алу" және "Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсім" кіші бөлімдері арасындағы айырманы көрсетеді.

Қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо  $S = (nf - pf)$  формуласы бойынша айқындалады, мұндағы  $S$  - қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо;  $nf$  - қаржы активтерін сатып алу;  $pf$  - қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер.

15. V "Бюджеттің тапшылығы (профициті)" бөлімі кірістер мен шығындар, таза бюджеттік кредит беру және қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо арасындағы айырмаға тең бюджеттің тапшылығын (профицитін) көрсетеді.

Бюджеттің тапшылығы (профициті)  $Db(Pb) = D - Z - K - S$  формуласы бойынша анықталады, мұнда

$Db$  – бюджеттің тапшылығы;

$Pb$  – бюджеттің профициті;

$D$  – кірістер;

$Z$  – шығындар;

$K$  – таза бюджеттік кредит беру;

$S$  – қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо.

Теріс белгісі бар алынған көлем тапшылық, оң белгісі бар – бюджеттің профициті болып табылады.

16. VI "Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі "Қарыздардың түсімі", "Қарыздарды өтеу", "Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары" кіші бөлімдерінен тұрады және қарызға алу мен бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары есебінен бюджеттің тапшылығын жабуды қамтамасыз етуді немесе қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет профицитін, қарыз қаражаттарын, бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтарын жұмсауды көрсетеді.

Тапшылықты қаржыландыру (профицитті пайдалану) мынадай формулалар бойынша анықталады:

$$Fd - (Fr) = N + O - R, \text{ мұнда}$$

$Fd$  – бюджеттің тапшылығын қаржыландыру көлемі. Оң белгісі бар бюджет тапшылығын қаржыландыру мәні оның тапшылығының көлеміне сәйкес келеді;

$Fr$  – бюджеттің профицитін қаржыландыру көлемі. Теріс белгісі бар бюджет профицитін қаржыландыру мәні оның профицитінің көлеміне сәйкес келеді;

$N$  – алынған қарыздардың сомасы;

$O$  – бюджет қаражатының пайдаланылған қалдықтарының сомасы;

$R$  – қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасы.

17. Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын сомасы  $O = R - Db (Pb,) - N$

формуласы бойынша анықталады, мұнда R, Db, Pb, N осы Ереженің 15, 16-тармақтары формулаларының құрауыштарына сәйкес келеді.

Тапшылықты жабуға (профицитті пайдалануға) пайдаланылатын бюджет қаражаты қалдықтарының сомасы оң белгімен, ал пайдаланылмайтын – теріс белгімен ескеріледі.

18. Кезеңнің соңына бюджет қаражатының қалдықтары есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша пайдаланылмаған қалдық қаражат болып табылады.

19. Бюджет қаражатының еркін қалдықтары – ол:

1) алынған қарыздар бойынша негізгі борышқа қызмет көрсетуге және өтеуге;

2) алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2010.06.04 N 270 Бұйрығымен.

3) алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2012.06.11 № 295 Бұйрығымен.

4) іске асыру мерзімі бір жылдан асатын бюджеттік даму бағдарламалары және дайындау және беру мерзімі бір қаржы жылынан асатын активтерді және басқа да тауарларды, көрсетілу мерзімі бір қаржы жылынан асатын қызметтерді сатып алуды көздейтін ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша өткен қаржы жылының қабылданған міндеттемелерінің төленбеген бөлігін қаржыландыруға бөлгеннен кейін қалған жыл басындағы бюджет қаражатының қалдықтары ;

«5) ағымдағы қаржы жылы одан әрі пайдалану (түгел пайдалану) туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган шешім қабылдамаған, өткен қаржы жылы пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) республикалық немесе облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер сомаларын қайтару .

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.04 N 270, 2012.06.11 № 295 (тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

20. Қаржы жылының басына бюджет қаражаттарының қалдық сомасы есепке қолмен енгізіледі, ағымдағы қаржы жылының басынан бастап және соңына дейін өзгеріссіз қалады және ол есептің анықтамалық бөлімінде «Бюджет түсімдерінің атқарылуы және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер» бағанында көрсетіледі.

Ескерту.20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.06.11 № 295 (тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

21. Қаржы жылының басында қалдық сомасы бар "Бюджет қаражатының пайдаланылған қалдық сомасы" жолы бойынша есепте көрсетілетін сома анықтамалық бөлімде көрсетілген есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша бюджет қаражаттары қалдықтарының сомасын құрауы қажет. Егер бюджет

қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтарының сомасында теріс белгі болса, онда оның абсолюттік шамасы қаржы жылының басына қалдық сомасымен жинақталады, егер оң белгі болса, онда ол қаржы жылының басына қалдық сомасынан алынады.

Есепте "Бюджет қаражатының пайдаланылған қалдықтары" жолында көрсетілген сома "Қаржы жылының басына бюджет қаражатының қалдықтары" жолы бойынша "Бюджет қаражатының қалдықтары" анықтамалық бөлімінде көрсетілген сомадан аспауы тиіс.

22. Есепті кезеңнің соңына бюджет қаражатының қалдықтары мынадай түрде анықталады:  $O_k = O_n - O$ , мұнда

$O_k$  - есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары;

$O_n$  - қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының қалдықтары;

$O$  - бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы.

23. "Бюджет қаражатының қалдықтары" анықтамалық бөлімі қаржы жылының басына және есепті кезеңнің соңына бюджет қаражатының қалдықтарын көрсетеді.

### **3. Бюджеттің атқарылуы туралы есептерді толтыру тәртібі**

24. Бюджеттің атқарылуы туралы есептер: республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астаналар, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) - барлық алынған, оның ішінде басқа деңгейдегі бюджеттерден түскен түсімдерді және барлық жүргізілген шығыстарды, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен түскен түсімдер және басқа да деңгейдегі бюджеттерге берілген трансферттер есебінен шығыстарды қамтиды.

25. Төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ұсынған жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есеп осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепте:

1-бағанда мыналардың кодтары толтырылады:

бюджет түсімдерінің сыныптамасы - санаты, сыныбы, ішкі сыныбы, ерекшелігі;

бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамасы - функционалдық тобы, функционалдық кіші тобы, бюджет бағдарламасының әкімшісі, бюджет бағдарламасы, кіші бағдарламасы, ерекшелігі;

2-бағанда түсімдер сыныптамасы, бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамасы көрсеткіштерінің атауы көрсетіледі;

3-бағанда мәслихат бекіткен есепті қаржы жылына бюджет сомасы көрсетіледі ;

4-бағанда оның орындалу барысында мәслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, есепті қаржы жылына нақтыланған бюджеттің сомасы көрсетіледі ;

5-бағанда есепті қаржы жылына түзетілген бюджеттің - мәслихатта нақтыланбаған жергілікті атқарушы органдар енгізген өзгерістер мен толықтырулар ескерілген бекітілген немесе нақтыланған бюджеттің сомасы көрсетіледі ;

6 және 7-бағандарда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңге түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасы көрсетіледі. Түсімдер бойынша 6-баған, шығыстар бойынша - 6 және 7-бағандар толтырылады, бұл ретте 6-бағанда бюджеттік кіші бағдарламалардың деңгейіне дейін (қоса алғанда) төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасы көрсетіледі;

8-бағанда қабылданған міндеттемелер бойынша сомалар көрсетіледі;

9-бағанда төленбеген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

10-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

11-бағанда есепті кезеңге бюджеттің түсімдері мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасына есепті кезеңде бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасының пайыздық қатынасы көрсетіледі.

12-бағанда есепті қаржы жылында атқарылған (бекітілген, нақтыланған, түзетілген) бюджеттің сомасына есепті кезеңде бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасының пайыздық қатынасы көрсетіледі.

26. Республикалық бюджеттің түсімдері мен шығыстары туралы деректерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті шегінде есепті мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ведомство (бұдан әрі – ведомство) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды .

Республикалық бюджеттің ай ішіндегі түсімдері мен шығыстары туралы деректерде :

1-бағанда мыналардың кодтары толтырылады:

бюджет түсімдерінің сыныптамасы - санаты, сыныбы, ішкі сыныбы, ерекшелігі ;



бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамалары - функционалдық тобы, функционалдық кіші тобы, бюджеттік бағдарлама әкімшісі, бюджет бағдарламасы, кіші бағдарламасы, ерекшелігі;

2-бағанда түсімдер сыныптамасы мен бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамалары көрсеткіштерінің атауы көрсетіледі;

3-бағанда Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен есепті қаржы жылына арналған бюджеттің сомасы көрсетіледі;

4-бағанда оның орындалу барысында Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, есепті қаржы жылына нақтыланған бюджеттің сомасы көрсетіледі;

5-бағанда есепті қаржы жылына түзетілген бюджеттің - Қазақстан Республикасының Парламентінде нақтыланбаған Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізген өзгерістер мен толықтырулар ескерілген бекітілген немесе нақтыланған бюджеттің сомасы көрсетіледі;

6 және 7-бағандарда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңге түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасы көрсетіледі. Түсімдер бойынша 6-баған, шығыстар бойынша - 6 және 7-бағандар толтырылады, бұл ретте 6-бағанда бюджеттік кіші бағдарламалардың деңгейіне дейін (қоса алғанда) төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасы көрсетіледі;

8-бағанда қабылданған міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

9-бағанда төленбеген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

10 -бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасы көрсетіледі.

27. Шоғырландырылған бюджет – өзара өтелетін операциялар ескерілместен, республикалық бюджетті, облыстардың бюджетін, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетін және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына бағытталатын түсімдерді біріктіретін мемлекеттің орталықтандырылған ақша қ о р ы .

Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есеп осы Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепте:

1-бағанда мыналардың кодтары толтырылады:

бюджет түсімдерінің сыныптамасы - санаты;

шығыстардың функционалдық сыныптамасы - функционалдық тобы;

2-бағанда бюджет түсімдерінің сыныптамасы, шығыстарының

функционалдық сыныптамасы көрсеткіштерінің атауы көрсетіледі;

3-бағанда есепті қаржы жылына арналған бекітілген (түзетілген) сомасы көрсетіледі;

4-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасы көрсетіледі;

5-бағанда есепті қаржы жылында атқарылған (бекітілген, түзетілген) бюджеттің сомасына есепті кезеңде бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасының пайыздық қатынасы көрсетіледі.

#### **4. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде жоғары тұрған бюджеттен алынған және жоғары тұрған бюджетке берілген трансферттердің көрсетілу тәртібі**

28. Республикалық бюджеттің, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала бюджетінің, астана, аудан бюджетінің (облыстық маңызы бар қаланың) атқарылуы туралы есептерді жасау кезінде трансферттер бойынша есеп айырысулар ашық түрде ескеріледі.

29. Жоғары тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде - төмен тұрған бюджеттерге бөлінген трансферттер "Шығындар" бөлімінде, ал төмен тұрған бюджеттен алынған трансферттер – "Кірістер" бөлімінде "Трансферттердің түсімі" бөлімінде ескеріледі.

30. Төмен тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепте жоғары тұрған бюджеттен алынған трансферттер "Кірістер" бөлімінде "Трансферттердің түсімі" бөлімінде, ал жоғары тұрған бюджетке берілген – "Шығындар" бөлімінде көрсетіледі.

31. Облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде трансферттер бойынша облыстық бюджет және аудандар (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің арасындағы есеп айырысулар есепке енгізілмейді.

32. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде трансферттер бойынша республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджеттері арасындағы есеп айырысулар оған енгізілмейді.

33. Мемлекеттік бюджеттің, шоғырландырылған бюджеттің, облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептерден жоғарыда аталған сомаларды алып тастау оларды екі рет есепке алуды болдырмау мақсатында: кірістерде - жоғары тұрған бюджетте түсім көзі бойынша және жоғары тұрған бюджетте және шығыстарда алынған трансферттер ретінде - жоғары тұрған бюджеттен бөлінген

трансферттер ретінде және олардың есебінен жүргізілген төмен тұрған бюджеттің шығыстары ретінде жүргізіледі.

## **5. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде жоғары тұрған бюджеттен алынған бюджет кредиттерінің көрсетілу тәртібі**

34. Төмен тұрған бюджет үшін бюджеттік кредиттер бюджет тапшылығын қаржыландыру көзі болып табылады және төмен тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепте "Бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру" бөлімінде "Қарыздардың түсуі" бөлімшесінде, жоғары тұрған бюджеттің есебінде "Таза бюджеттік кредит беру" бөлімінің "Бюджеттік кредиттер" бөлімшесінде көрсетіледі.

Осыған байланысты, жоғары тұрған бюджеттен алынатын бюджеттік кредит төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджеттің меншікті кіріс есебінен бөлінеді және жоғары тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепте бір рет кірістер түсімдерінің көзі бойынша ескерілген болатын, ал алынған кредитті жұмсау төмен тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепте шығыстардың бағытына байланысты функционалдық топтар бойынша ескеріледі, мемлекеттік бюджеттің немесе облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепте бюджеттік кредиттерді беру ескерілмейді. Осыған ұқсас жоғары тұрған бюджетке төмен тұрған бюджеттің бюджет кредиттерін өтеуі ескерілмейді.

35. Жоғары тұрған бюджеттен алынған кредиттер бойынша сыйақы төмен тұрған бюджеттің меншікті түсімдері есебінен төленеді және жоғары тұрған бюджетке салықтық емес түсімдер болып табылады, олар қосалқы шоттан жалтару үшін мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру кезінде алып тасталады.

36. Қарыз қаражаты есебінен жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке кредиттерді бөлу кезінде оған қызмет көрсетуге арналған шығыстар сомасы сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру кезінде алып тастауға жатады.

## **6. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың көрсетілу тәртібі**

37. Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бюджетте бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісі бойынша бекітіледі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен немесе бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісімен бөлінеді.

38. Бюджеттің атқарылуы туралы есепте бөлінетін бюджеттік

бағдарламалардың есебінен шығыстар олар бөлінген сол бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының құрамында ескеріледі.

## **7. Мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептердің жасалу тәртібі**

39. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есеп республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің негізінде, ал облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептің жасалуы олардың арасындағы өзара өтейтін операцияларды есепке алмағанда облыстық бюджеттің, аудан (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің жасалуы негізінде жүргізіледі.

Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау мына:

- 1) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің;
- 2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің негізінде құрылымдық бөлімшенің өзі қалыптастырған жергілікті бюджеттердің (облыстар, республикалық маңызы бар қала мен астана бойынша жиынтық) атқарылуы туралы есептің;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының Қолма-қол ақшасын бақылау шотында (бұдан әрі – ҚБШ) ақшаның қозғалысы туралы есептің негізінде жүргізіледі.

Өзара өтетін операцияларға қосарланған есепті болғызбау мақсатында бюджеттің бір деңгейінен басқасына берілетін, трансферттер, бюджеттік кредиттер және басқа да ақша сомаларын алып тастаумен байланысты, мемлекеттік бюджетті, сондай-ақ олардың атқарылуы туралы есептерді қалыптастыру кезінде жүзеге асырылатын операциялар жатады.

40. Бюджетаралық қатынастар трансферттермен және бюджеттік кредиттермен реттеледі, мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептерді жасау кезінде олар бойынша қосарлы шотты алып тастау мақсатында олар республикалық және жергілікті бюджеттерді, облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерді арифметикалық қосу жолымен алынған сомадан алып тастауға жатады.

41. Мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің атқарылуы туралы есеп осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес мынадай түрде қалыптастырылады:

бұл ретте, I "Кірістер" бөлімі:

кестенің 4-бағанының сомалары кірістердің 2-санаты бойынша сомадан (1,0 млрд. теңге), бұл – төмен тұрған бюджеттерге берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер) сомасы және кірістердің 4-санаты бойынша (230,0 млрд.

теңге = 70,0 млрд. теңге + 210,0 млрд. теңге – 50,0 млрд. теңге) сомадан, бұл бюджеттік алымдар ретінде жоғары тұрған бюджет алған трансферттердің және жоғары тұрған бюджеттен субвенциялар, нысаналы ағымдағы трансферттер мен нысаналы даму трансферттері (жоғары тұрған бюджеттің резервінен алынған трансферттерді қоса алғанда) нысанында төмен тұрған бюджет алған трансферттердің сомасынан Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан түскен трансферттер сомасын алып тастағандағы сомадан тұрады.

II «Шығындар» бөлімі: кестенің 4-бағанының сомасы төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджеттің берген трансферттерінің (90,0 млрд. теңге - субвенциялар, 80,0 млрд. теңге – нысаналы ағымдағы және нысаналы даму трансферттері), жоғары тұрған бюджетке төмен тұрған бюджеттен берілген трансферттердің (60,0 млрд. теңге - бюджеттік алымдар) және үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығындардың (1,0 млрд. теңге) сомасынан тұрады.

III "Таза бюджеттік кредит беру" бөлімі:

"Бюджеттік кредиттер" бөлімшесінің 4-бағаны бойынша сомалар төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджет бөлген кредиттердің сомаларынан тұрады.

Қаралатын мысалда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға (40,0 млрд.теңге) және төмен тұрған бюджеттерде қолма-қол ақша тапшылығын жабуға (1,0 млрд.теңге) төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджеттен бөлінген кредиттер сомасы орын алады. Егер төмен тұрған бюджеттерде қолма-қол ақша тапшылығын жабуға жоғары тұрған бюджеттің резерві бөлінбеген жағдайда, онда мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы жөніндегі есепті қалыптастыру кезінде оның сомасы алынып тасталмайды, оны ішінара бөлген жағдайда - бөлінген сома ғана алынып тасталады.

Қаралатын мысалда "Кредиттерді өтеу" бөлімшесінің 4-бағаны бойынша сома қолма-қол ақша тапшылығын жабуға төмен тұрған бюджет жоғары тұрған бюджеттен алған кредитті төмен тұрған бюджет толық өтеу сомасымен берілген. Егер осы резерв мемлекеттік бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есеп қалыптастыру күніне бөлінбесе немесе ішінара бөлінген жағдайда, онда алып тастау үшін сома не болмайды, немесе резервтің төмен тұрған бюджетке бөлінген және оларға өтеуге жататын сол бөлігінен тұратын болады.

"Бюджет тапшылығын (қаржыландыру)" VI бөлімі бойынша: "Қарыздардың түсімі" жолы бойынша 4-бағанның сомасы жоғары тұрған бюджеттен алынған кредиттердің сомасына қаралатын мысалға тең, ал "Қарыздарды өтеу" жолының сомасы төмен тұрған бюджеттің кредиттерді өтеу сомасына тең. Қаралатын мысалда ағымдағы қаржы жылы өтеуге жататын 1,0 млрд. теңге сомасында төмен тұрған бюджет алған кредит өтеуге жатады. Ағымдағы қаржы жылы төмен

тұрған бюджет алған 40,0 млрд. теңге сомасындағы кредит 2 жылдан кейін өтеуге жатады деп болжамдасақ, осыған байланысты төмен тұрған бюджет ағымдағы қаржы жылы оны өтеу бойынша шығыстар әкелмейді.

**Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 23.07.2013 № 356 бұйрығымен (оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

## **8. Бюджеттердің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді беру тәртібі**

42. Түрлі деңгейдегі есепті айға (жылға) жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді осы Ережеде белгіленген тәртіппен және осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес 1-27-нысан бойынша ведомствоның аумақтық б ө л і м ш е с і ж а с а й д ы .

43. Ведомствоның аумақтық бөлімшесі бюджетті атқару жөніндегі жергілікті у ә к і л е т т і о р г а н ғ а :

1) есепті айдағы жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер – бюджет түсімдерін санаттары, сыныптары, қосымша сыныптары мен бюджет түсімдерін жіктеу ерекшелігі бойынша және бюджет шығыстарын функционалдық топтары, функционалдық кіші топтары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар бойынша толық көлемде электрондық деректер базасы түрінде және қағаз тасығышта есептіден кейінгі айдың 2 күнінен кешіктірілмей;

2) есепті жылғы жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер - санаттар, сыныптар, кіші сыныптар және бюджет түсімдері сыныптарының ерекшеліктері, бюджеттік бағдарламалар, бағдарламалар, кіші бағдарламалар әкімшілері және бюджет шығыстары сыныптамасының ерекшеліктері бойынша бюджет түсімдерін және функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар бойынша бюджет шығыстарын көрсете отырып электрондық дерек қоры түрінде және қағаз тасушыда есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 10 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы ұсынылған деректермен бірге оның билігіндегі есеп көрсеткіштерін салыстыруды жүргізеді.

Бұл ретте осы Ереженің 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бюджет қаражаты түсімдерінің, шығыстарының және қалдықтарының сомасын салыстыру актісі жасалады.

Содан кейін алшақтық себептерін анықтау және оларды жою бойынша бірлескен жұмыс жүргізіледі.

**Ескерту. 43-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.04 N 270 Бұйрығымен.**

43-1. 1-27 нысан бойынша деректерге осы Ережедегі 19-қосымшаға сәйкес өзара өтелетін операциялар жөніндегі деректер қоса беріледі.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы ұсынылған деректермен бірге оның билігіндегі есеп көрсеткіштерін салыстыруды жүргізеді.

Бұл ретте, есептіден кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей ай сайын және есепті қаржылықтан кейінгі жылдың 12 қаңтарынан кешіктірмей осы Ережедегі 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті деректерді салыстыру актісі ж а с а л а д ы .

Осыдан кейін алшақтық себептерін анықтау және оларды келесі есепті кезеңде жою бойынша бірлескен жұмыс жүргізіледі.

**Ескерту. 43-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.04 N 270 Бұйрығымен.**

44. Төмен тұрған деңгейдегі бюджеттің атқарылуы туралы есепті оның атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган жоғары тұрған деңгейдегі бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органға қағаз тасушыда және бюджеттің түсімдері мен шығыстары туралы электрондық дерек қоры түрінде (бұдан әрі - электрондық дерек қоры) береді.

45. Қағаз тасушыдағы бюджеттің атқарылуы туралы есептің деректері электрондық дерек қоры түрінде ұсынылған есепке сәйкес келуі тиіс.

46. Облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органға мыналарды ұсынады:

1) облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы толық көлемдегі айлық есептік электрондық дерек қоры түрінде – онда бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімі бюджет түсімдерінің санаттарын, сыныптарын, кіші сыныптарын және сыныптама ерекшелігін, ал бюджеттің шығыстарын қамтитын есептің бөлімі функционалдық топтарды, функционалдық ішкі топтарды, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін, бағдарламаларды, кіші бағдарламаларды қамтуы тиіс қағаз тасушыда оны кейіннен осы Ереженің 7 және 8-тармақтарына сәйкес қалыптасқан есептіден кейінгі ай соңына дейін растай отырып есептіден кейінгі айдың 12 күнінен кешіктірмей;

2) облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы толық көлемдегі жылдық есепті - онда бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімі бюджет түсімдерінің санаттарын, сыныптарын, кіші сыныптарын және сыныптама

ерекшелігін, ал бюджеттің шығыстарын қамтитын есептің бөлімі функционалдық топтарды, функционалдық ішкі топтарды, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін, бағдарламаларды, кіші бағдарламаларды қамтуы тиіс толық көлемдегі электрондық деректер қоры түрінде есепіден кейінгі жылдың 10 ақпанынан кешіктірмей, сондай-ақ қағаз тасушыда осы Ереженің 7 және 8-тармақтарына сәйкес қалыптастырылған есепіден кейінгі жылдың 10 наурызға дейін.

Есепте бюджет түсімдері мен шығыстары теңдестірілмеген, шығыстардың функционалдық және экономикалық сыныптарының арасында алшақтық болған жағдайда есепіден кейінгі келетін айдың соңына дейін, олардың пайда болу себептері көрсетіле отырып, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган басшысының қойылған қолымен қағаз жүзінде расталып, электронды түрде берілетін түсініктеме жазба толтырылады.

Бұл ретте бюджет шығыстары кіретін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімдерінде мына бағандар бойынша бюджет шығыстарын жіктеу ерекшеліктері жөніндегі деректер қамтылуы тиіс:

«Есепті қаржы жылына арналып түзетілген бюджет»;

«Түсімдердің және төлемдер бойынша ағымдағы жылғы қаржыландырудың жиынтық жоспары»;

«Түсімдердің және міндеттемелер бойынша ағымдағы жылғы қаржыландырудың жиынтық жоспары»;

«Қабылданған міндеттемелер»;

«Бюджет түсімдерінің атқарылуы және бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер».

Көрсетілген бағандарға байланысты есептік деректер ерекшеліктер деңгейіне дейін ведомстволардың аумақтық бөлімшелері 1-27 нысаны бойынша ұсынған деректеріне негізделеді.

Қалған бағандар бойынша деректер кіші бағдарламалар деңгейіне дейін ұсынылады.

Қағаз тасушыдағы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есепке тоқсан сайын қол жеткізілген нәтижелерді көрсете отырып, бюджет түсімдері мен шығыстары бойынша іс жүзінде қалыптасқан соманы түсіндіре отырып, түсіндірме жазба қоса беріледі.

**Ескерту. 46-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.04 N 270, 2011.08.03 № 393 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.**

47. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі облыстың жергілікті атқарушы органына аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті беру мерзімі соңынан белгіленеді.

48. Ведомство мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті



калыптастыру үшін жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесіне мыналарды:

1) сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын есептемегендегі есепті айдағы республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы айлық есеп деректері - сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын ескере отырып, есепіден кейінгі айдың 3-інен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі – АЖ) - есепіден кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей агрегирленген нысанда қағаз тасығышта, онда республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің бюджетке түсетін түсімдер кіретін бөлімінде бюджет түсімдері сыныптамасының түсімдерінің санаттары мен сыныптары қамтылуы тиіс, ал есептің бюджет шығыстары кіретін бөлімдерінде бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтары мен кіші топтары қамтылуы тиіс.

Сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын есепке алғанда есепті қаржы жылынан кейінгі келесі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебіне материалдарды талдау және дайындау үшін пайдаланылады.

2) есепті жылғы республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы, ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің есептерінің және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілік деректерімен салыстырылған деректер - санаттар, сыныптар, кіші сыныптар және бюджет түсімдері сыныптарының ерекшеліктері, бюджеттік бағдарламалар, бағдарламалар, кіші бағдарламалар әкімшілері және бюджет шығыстары сыныптамасының ерекшеліктері бойынша бюджет түсімдерін және функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар бойынша бюджет шығыстарын көрсете отырып АЖ арқылы және қағаз тасығышта есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін ұсынады.

**Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.07.2013 № 356 бұйрығымен (оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

49. Жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және арттыруға инвестициялық жобалар, концессиялық жобаларды бірлесе қаржыландыру, инвестициялар бойынша, сондай-ақ өзінің мазмұны бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға, концессиялық жобаларды бірлесе қаржыландыруға және «Басқалар»

деген бөлімде көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға жатпайтын бюджеттік даму бағдарламалары бойынша қорытынды деректерді көрсете отырып, осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар қалыптастырады.

Жергілікті (жиынтық) бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті жергілікті бюджеттер жөніндегі бюджеттік даму бағдарламаларының дамуы туралы есептердің негізінде мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру үшін жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі қалыптастырады.

Басым республикалық бюджет бойынша бюджеттік инвестициялық жобалардың атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қоса берілетін объектілер бойынша басым республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесіне сәйкес мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі қалыптастырады.

Республикалық бюджеттің жобасына енгізілген, кейінге қалдыру шарттары бар, өте маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған басым республикалық бюджеттік инвестициялардың атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті осы Ережеге 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қоса берілетін республикалық бюджеттің жобасына енгізілген, кейінге қалдыру шарттары бар, өте маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған басым республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесіне сәйкес мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі қалыптастырады.

**Ескерту.49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.06.11 № 295 (тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

50. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министріне ақпараттық материалдарды беру кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы бекіткен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне ақпараттық материалдарды беру кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттің

атқарылуы туралы айлық есепті береді, бірақ мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептіден кейінгі айдың 15 күнінен ерте емес - есептіден кейінгі айдың 20 күні.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептіден кейінгі айдың 15 күні, сондай-ақ Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетіне және бюджеттік жоспарлау және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органдарға, мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы айлық есеп есептіден кейінгі айдың 20 күні - мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және ішкі бақылау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген органға беріледі.

**Ескерту. 50-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.04 N 270 Бұйрығымен.**

51. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитетінің өткен қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін он жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және ішкі бақылау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген органға бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жылдық есепті береді.

**Ескерту. 51-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.04 N 270 Бұйрығымен.**

52. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бюджеттердің атқарылуы туралы, басым республикалық бюджет бойынша бюджеттік инвестициялық жобалардың, Республикалық бюджеттің жобасына енгізілген, кейінге қалдыру шарттары бар, өте маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған басым республикалық бюджеттік инвестициялардың атқарылуы туралы есептері, жергілікті (жиынтық) бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламалардың атқарылуы туралы айлық (жылдық) есептерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті мемлекеттік органдарға осы Ережеге 2, 6, 6-1, 7-қосымшаларға сәйкес (қол қоюмен бекітілмеген) нысандар бойынша қағаз тасығышта және электрондық түрде жібереді. Қағаз тасығыштағы есептер ілеспе хатпен беріледі.

Мемлекеттік, республикалық және жергілікті (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық есептің) бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің бюджет түсімдерін қамтитын бөлімдері бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары,

кіші сыныптары мен ерекшеліктері жөніндегі деректерді қамтуға тиіс.

Есептердің бюджет шығыстарын қамтитын бөлімдері бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалар жөніндегі деректерді қамтуға тиіс.

**Ескерту. 52-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.06.11 № 295 (тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

53. Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы есептерді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тиісті мемлекеттік органдарға біріктірілген нысанда жіберіледі, онда облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінің бюджет түсімдерін қамтитын бөлімдері бюджет түсімдері сыныптамасының санаттарын қамтуға тиіс, ал бюджет шығыстарын қамтитын бөлімдері бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтарын қамтуға тиіс.

54. Мемлекеттік, республикалық, жергілікті (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық есеп) бюджеттердің, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есептер электрондық нысанда, бюджеттердің түсімдері көрсетілетінде бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары мен ерекшеліктері бойынша және бюджеттердің шығыстары көрсетілетінде бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар мен бюджет шығыстары сыныптамасының ерекшеліктері, бюджеттің осы Ережеге 10-тармаққа сәйкес құрылымы бойынша, сондай-ақ бюджет шығыстары мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің экономикалық сыныптамасының санаттар, сыныптар, кіші сыныптар мен ерекшеліктері бөлігінде қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

55. Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есептерді мемлекеттік бюджетті атқару туралы есепті қалыптастыруға жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және:

- 1) ведомство берген, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп;
- 2) облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы есептер негізінде құрылымдық бөлімшенің өзі қалыптастырған, бюджетті атқару жөніндегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары ұсынған жергілікті (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық) бюджеттердің атқарылуы туралы есеп;

3) ведомство берген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының ҚБШ-сындағы ақша қозғалысы туралы есеп.

56. Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есепті осы Ереженің мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептер үшін белгіленген мерзімінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды және Қазақстан Республикасының Президенті әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және ішкі бақылау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген органға (біріктірілген) электрондық түрде ілеспе хатпен жібереді.

**Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.06.11 № 295 (тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

### **3-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қолма-қол ақшасының бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есепті жасау мен ұсыну тәртібі**

**Ескерту. 3-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

57. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының ҚБШ-сындағы ақша қозғалысы туралы айлық (жылдық) есепті ведомство осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады және өзіне мынадай бөлімдерді қамтиды :

- 1) кірістер ( I ) ;
- 2) қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер (II);
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сына түскен түсімдердің ж и ы н ы ( I I I ) ;
- 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сынан аударымдар (IV);
- 5) түсімдер мен аударымдар сальдосы (V);
- 6) қаржы жылының басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы (VI);
- 7) есепті кезеңнің аяғындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы (VII).

58. I "Кірістер" бөлімі бекітілген тізбе бойынша мұнай секторы ұйымдарынан түсетін салықтық түсімдердің, мұнай секторы ұйымдарынан түсетін салықтық емес түсімдердің сомасын, және бюджет түсімдері сыныптамасы түсімдерінің санаттары, топтары, кіші сыныптары мен ерекшеліктері бойынша негізгі

капиталды сатудан түсетін түсімдерді көрсетеді.

59. II "Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер" бөлімі бюджет түсімдері сыныптамасы түсімдерінің санаты, тобы, кіші сыныбы мен ерекшелігі бойынша республикалық меншіктегі және тау-кен және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдердің сомасын көрсетеді.

60. III "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сына түскен түсімдердің жиыны" бөлімі кірістер мен түсімдердің жалпы сомасын көрсетеді.

61. IV "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сынан жасалған аударымдар" бөлімі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақшасын есепке алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шоттарына функционалдық тобы, ішкі тобы, бюджет бағдарламасының әкімшісі, бюджеттік бағдарламасы (кіші бағдарламасы) және бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сынан жүргізілген аударымдардың сомасын көрсетеді.

62. V "Түсімдер мен аударымдар сальдосы" бөлімі III "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сына түскен түсімдердің жиыны" мен IV "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сынан аударымдар" бөлімдерінің арасындағы айырма сомасын көрсетеді.

63. VI "Қаржы жылының басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы" бөлімі қаржы жылының басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығының сомасын көрсетеді.

64. VII "Есепті кезеңнің аяғындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы бөлімі V "Түсімдер мен аударымдар сальдосы" мен VI "Қаржы жылының басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қалдығы" бөлімдерінің қорытынды сомасын көрсетеді.

65. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-сындағы ақша қозғалысы туралы есепті ведомство бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне электрондық дерек қоры түрінде және қағаз тасығышта есепті айдан кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей береді.

**4-бөлім. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының**

**орындалуы туралы, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы, шетел валютасындағы қаражаттың қозғалысы туралы есепті жасау мен ұсыну тәртібі**

Ескерту. 4-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

66. Жаңа қаржы жылының 1 шілдесіндегі және 1 қаңтарындағы жағдай бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары және ведомство бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің теңгерімдері деректерінің негізінде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы және осы Ережеге 10, 11 және 20-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жергілікті және республикалық бюджеттер жөнінде демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақша түсімдері мен жұмсалуды туралы есептерді, шетел валютасындағы қаражаттың қозғалысы туралы есепті жасайды және мыналар:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары – ведомствоға;

1 шілдедегі жағдай бойынша – есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 10-ы күнінен кешіктірмей, өткен қаржы жылындағы жағдай бойынша - есепті қаржы жылынан кейінгі екінші айдың 15-і күнінен кешіктірмей ұсынады;

2) ведомство - республикалық және жергілікті бюджет бойынша (облыстар бөлінісінде) мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақша түсімдері мен жұмсалуды туралы есептерді қалыптастыруға жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның қ ұ р ы л ы м д ы қ б ө л і м ш е с і н е :

ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіндегі жағдай бойынша – есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 20-сы күнінен кешіктірмей, өткен қаржы жылындағы жағдай бойынша - есепті қаржы жылынан кейінгі үшінші айдың 1-і күнінен к е ш і к т і р м е й ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа е н г і з і л е д і ) .

67. Төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар

жоғары тұрған бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға соңғысы белгілеген мерзімде мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін, олардың иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы, шетел валютасындағы қаражаттың қозғалысы туралы есептерді ұсынады.

**Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) .**

68. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы, шетел валютасындағы қаражаттың қозғалысы туралы есептер толық көлемде есепті деректер агрегирленген форматта қағаз тасығышта растала отырып ( бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша деректерсіз) және тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуге байланысты, демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде алынған ақшаның қозғалысына және шетел валютасындағы ақшаның қозғалысына әсер еткен негізгі факторларды сипаттайтын түсіндірме жазбасы бар ілеспе хатпен АЖ а р қ ы л ы ұ с ы н ы л а д ы .

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) .**

69. Алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

70. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі ведомство ұсынған есептердің негізінде осы Ережеге 10 және 11-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер (жиынтық) бойынша мемлекеттік, республикалық және жергілікті (жиынтық) бюджеттер бойынша (қолдармен бекітусіз) тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы есептерді қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

**Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары**



- ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

71. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есептер осы Ережелерге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) түсімдер (I);
- 2) шығыстар (II);

3) қаржы жылының есепті кезеңінің аяғындағы ақша қалдығы (III).

72. I "Түсімдер" бөлімі тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдердің жалпы көлемін және хронологиялық тәртіппен көрсетілетін және түсімдердің жалпы көлемі бойынша да, түсімдердің әрбір коды бойынша да және әрбір әкімші бойынша да қаржы жылының басындағы ақша қалдығының сомасын көрсете отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде бекітілген Сыныптамаға сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдердің кодтары бойынша түсімдер сомасын көрсетеді.

73. II "Шығыстар" бөлімі түсімдердің жалпы сомасының есебінен ақша шығыстарының жалпы көлемін, тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір коды бойынша, бекітілген Сыныптамаға сәйкес, оның ішінде бюджетке есептелген соманы көрсете отырып бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамалары бойынша түсімдердің есебінен шығыстар сомасын көрсетеді.

74. III "Қаржы жылының есепті кезеңінің аяғындағы ақша қалдығы" бөлімі тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер кодтарының және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің (хронологиялық тәртіппен) бөлінісінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаның іс жүзіндегі түсімінің сомасы мен олардың есебінен жүргізілген шығыстар сомасы арасындағы қорытынды айырманы көрсетеді.

75. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы есептер осы Ережелерге 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және былай толтырылады:

1 және 2-бағандарда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды мен атауы көрсетіледі;

3-бағанда жыл басына қалдық сомасын ескере отырып, жыл басынан бастап өсу қорытындысымен ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңіндегі ақша түсімінің сомасы көрсетіледі;

4-бағанда қаржы жылының басындағы ақша қалдығы көрсетіледі;  
5 және 6-бағандарда бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды мен атауы көрсетіледі;

7-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңіндегі ақшаның жүргізілген жұмсалудың сомасы көрсетіледі;

8-бағанда бюджет кірісіне аударылған сома көрсетіледі;

9-бағанда есепті кезеңде түскен және мақсатына сай жұмсалған ақша сомасының айырмасы ретінде анықталатын есепті кезең аяғындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

75-1. Шетел валютасындағы қаражаттың қозғалысы туралы есеп осы Ережелерге 20-қосымшаға сәйкес (4-в-нысаны) нысан бойынша жасалады және былайша толтырылады:

1 және 2-бағандарда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды мен атауы көрсетіледі;

3-бағанда жылының басындағы шетел валютасындағы қаражаттың ақша қалдығы көрсетіледі;

4-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңіндегі ақша түсімінің сомасы көрсетіледі;

5-бағанда – бағамдық айырма көрсетіледі;

6-бағанда айырбастау үшін түскен бюджет қаражатының сомасы;

7-бағанда 3, 4, 5, 6-бағандардың сомасы;

8 және 9-бағандарда бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды мен атауы көрсетіледі;

10-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңіндегі ақшаның жүргізілген жұмсалудың сомасы көрсетіледі;

11-бағанда бюджет кірісіне аударылған сома көрсетіледі;

12-бағанда өзге аударымдар көрсетіледі;

13-бағанда есепті кезеңнің аяғындағы шетел валютасындағы қаражаттың қалдығы көрсетіледі.

**Ескерту. Ереже 75-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

76. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ереженің 66-тармағында белгіленген мерзімнен кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей ішкі бақылау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген органға мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер (жиынтық)

бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы е с е п т е р д і б е р е д і .

Ескерту. 76-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.04 N 270 Бұйрығымен.

## **5-бөлім. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің кредиторлық берешегі туралы есепті жасау және беру ережесін бекіту туралы**

Ескерту. 5-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

77. Осы Ережемен кредиторлық берешек туралы есеп берудің мынадай н ы с а н д а р ы б е л г і л е н е д і :

КБ-Б, бюджет қаражаттары есебінен, (осы Ережеге 12-қосымша) ол бойынша мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің кредиторлық берешегі туралы есеп жасалады;

КБ-Ө, өзге қаражаттар есебінен (осы Ережеге 13-қосымша) ол бойынша мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің кредиторлық берешегі туралы есеп жасалады;

Есептерге тиісінше бюджеттік және өзге қаражат есебінен құрылған берешектің құрылу себептері туралы ақпарат осы Ереженің 16 және 16-1-қосымшаларына сәйкес қоса беріледі.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.07.2013 № 356 бұйрығымен (оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

78. КБ-Б нысаны бойынша кредиторлық берешек туралы есеп мынадай түрде т о л т ы р ы л а д ы :

1-бағанда бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды көрсетіледі;  
2-5-бағандарында бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамасының кодтары - функционалдық топ, бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік толтырылады.

6-бағанда 1-4-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджет

шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі.

7-бағанда ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспары көрсетіледі.

8-бағанда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарына арналған жағдай бойынша өткен жылдардың кредиторлық берешегі көрсетіледі. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы жылдық есепті тапсырған сәттен бастап 8-бағанда көрсетілген кредиторлық берешектің сомасы ағымдағы қаржы жылының ішінде өзгермеуі тиіс.

9-бағанда ағымдағы қаржы жылы берешек бөлігін өтегеннен кейін өткен жылдардың кредиторлық берешегінің қалдығы көрсетіледі.

10-бағанда ағымдағы қаржы жылы пайда болған кредиторлық берешектің сомасы көрсетіледі.

11-бағанда есепті күнге қалыптасқан жалпы кредиторлық берешек көрсетіледі (8 және 9-бағандардың сомасы);

12-бағанда төлеу мерзімі басталмаған міндеттемелер бойынша берешектің сомасы көрсетіледі.

13-бағанда қуыну мерзімі аяқталған кредиторлық берешегінің сомасы көрсетіледі.

14-бағанда төлеу мерзімі басталмаған міндеттемелер бойынша берешек сомасын (12-баған) шегере отырып есепті күнге қалыптасқан берешектің сомасы көрсетіледі (11-баған).

15-бағанда бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландырудың жылдық жоспарына кредиторлық берешек сомасының проценттік қатынасы көрсетіледі.

79. КБ-Б нысаны бойынша кредиторлық берешек туралы есеп мынадай үлгіде толтырылады:

1-5-бағандарда мыналар көрсетіледі:  
бюджет шығыстарының сыныптамалық кодтарына және тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін ақшаны жұмсау есебінен қалыптасқан берешекті көрсету үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен ақылы қызметтердің тізбесіне сәйкес шығыстардың кодтары;

бюджет шығыстарының сыныптамалық кодтары және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаны жұмсаудан қалыптасқан берешекті көрсету үшін 901 «Демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен түсетін шығыстарға арналған ақша» коды;

бюджет шығыстарының сыныптамалық кодтары және бюджет қаражатының жетіспеушілігі және оны талан-тараж жасау нәтижесінде бюджет қаражаты

есебінен қалыптасқан берешекті көрсету үшін 902 «Жетіспеушілік» коды;  
бюджет шығыстарының сыныптамалық кодтары және өзге де себептер  
нәтижесінде бюджет қаражаты есебінен қалыптасқан берешекті көрсету үшін 903  
« Ө з г е » к о д ы .

Кейінгі бағандарды толтыру КБ-Б нысаны бойынша есептерді толтыру үшін  
осы Ереженің 78-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.06.11 №  
295 (тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

80. Кредиторлық берешек туралы есептерді тоқсан сайын:  
жедел – 1 сәуір және 1 қазандағы жағдай бойынша:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті  
атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ведомствоға – есепті кезеңнен  
кейінгі айдың 17-сі күнінен кешіктірмей;

2) ведомство - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның  
мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты  
құрылымдық бөлімшесіне республикалық және жергілікті бюджеттердің  
кредиторлық берешегі туралы (облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы  
бар қала және астана бюджетінің кредиторлық берешегі туралы жиынтық есеп)  
және өзге қаражаттың есебінен пайда болған кредиторлық берешек туралы  
есептерді – есепті кезеңнен кейінгі айдың 23-і күнінен кешіктірмей;

бухгалтерлік теңгерімдердің деректерімен салыстырып тексерілген – 1  
шілдедегі және 1 қаңтардағы жағдай бойынша:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті  
атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары – есепті кезеңнен кейінгі екінші  
айдың 10-ы күнінен кешіктірмей – есепті қаржы жылынан кейінгі екінші айдың  
15-і күніне дейін ;

2) ведомство - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның  
мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты  
құрылымдық бөлімшесіне республикалық және жергілікті бюджеттердің  
кредиторлық берешегі туралы (облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы  
бар қала және астана бюджетінің кредиторлық берешегі туралы жиынтық есеп)  
және өзге қаражаттың есебінен пайда болған кредиторлық берешек туралы  
есептерді – есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 20-сы күнінен кешіктірмей,  
есепті қаржы жылы үшін – есепті қаржы жылынан кейінгі үшінші айдың 1-і  
күніне дейін ұсынады .

**Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары  
- ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми  
жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа  
енгізіледі) .**

81. Ескерту. 81-тармақ алынып тасталады - ҚР Қаржы министрінің 2012.10.30 № 473 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

82. Алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

83. Алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

84. Кредиторлық берешек туралы есептер есепті деректер агрегирленген форматта қағаз тасығышта растала отырып (бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша деректерсіз) және ілеспе хатпен толық көлемде А Ж ар қы лы жі бер і л е д і .

Есептерге бюджет және өзге қаражат есебінен пайда болған кредиторлық берешектің пайда болу себептері туралы ақпарат осы Ережеге тиісінше 16 және 16-1-қосымшаларға сәйкес қоса беріледі.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) .

85. Ескерту. 85-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2012.10.30 № 473 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

86. Республикалық бюджеттің кредиторлық берешегі және өзге қаражат есебінен пайда болған берешек туралы есепті 1 сәуірдегі, 1 шілдедегі, 1 қазандағы, 1 қаңтардағы жағдай бойынша ведомствоның есептерді ұсынуының белгіленген мерзімінен кейін бес жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қолдармен бекітпей-ақ, ілеспе хатпен мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшелеріне ұсынады.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) .

87. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті (облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің кредиторлық берешегі туралы жиынтық есеп) бюджеттердің кредиторлық берешегі туралы есептерді және өзге де қаражат есебінен пайда болған кредиторлық берешек туралы жиынтық есептерді КБ-Б-жиынтық және КБ-Ө-жиынтық нысандары бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды.

88. Мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің кредиторлық берешегі (

облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала және астана бюджетінің кредиторлық берешегі туралы жиынтық есеп) және өзге қаражат есебінен пайда болған кредиторлық берешек туралы есептерді 1 сәуірдегі, 1 шілдедегі, 1 қазандағы, 1 қаңтардағы жағдай бойынша - ведомствоның есептерді ұсынуының белгіленген мерзімінен кейін бес жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қолдармен бекітпей-ақ, ілеспе хатпен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшелеріне және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі органға ұсынады.

**Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

## **6-бөлім. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің дебиторлық берешек туралы есептерді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы**

**Ескерту. 6-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

89. Осы Ережеде дебиторлық берешек туралы есептердің мынадай нысандары белгіленеді:

ДБ-Б, бюджет қаражаттары есебінен, (осы Ережеге 14-қосымша) бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің дебиторлық берешегі туралы есеп жасалады;

ДБ-Ө, бюджет қаражаттары есебінен, (осы Ережеге 15-қосымша) өзге қаражат есебінен мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің дебиторлық берешегі туралы есеп жасалады;

Есептерге тиісінше бюджеттік және өзге қаражат есебінен құрылған берешектің құрылу себептері туралы ақпарат осы Ереженің 16-2 және 16-1-қосымшаларына сәйкес қоса беріледі.

**Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 23.07.2013 № 356 бұйрығымен (оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).**

90. Дебиторлық берешек туралы ДБ-Б нысаны бойынша есеп мынадай түрде

т о л т ы р ы л а д ы :

1-бағанда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды көрсетіледі;

2-5-бағандарында бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамасының кодтары - функционалдық топ, бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік толтырылады;

6-бағанда 1-4-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджет шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі;

7-бағанда ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспары көрсетіледі;

8-бағанда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарына арналған жағдай бойынша өткен жылдардың дебиторлық берешегі көрсетіледі. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы жылдық есепті тапсырған сәттен бастап 8 -бағанда көрсетілген дебиторлық берешектің сомасы ағымдағы қаржы жылының ішінде өзгермеуі тиіс ;

9-бағанда ағымдағы қаржы жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті бюджеттің кірісіне аударылған өткен жылдың дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

10-бағанда басқа негіздер (ағымдағы жылы алынған, сот шешімі немесе т.б. бойынша есептен шығарылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) есебінен) бойынша өтелген өткен жылдардың дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

11-бағанда өткен жылғы дебиторлық берешектің ағымдағы қаржы жылында бір бөлігі өтелгеннен кейінгі қалдығы көрсетіледі;

12-бағанда ағымдағы қаржы жылы пайда болған дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі ;

13-есепті күнге қалыптасқан жалпы дебиторлық берешек көрсетіледі (11 және 12 - бағандардың сомасы) ;

14-бағанда әлеуетті өнім берушілермен және мердігерлермен бюджет қаражаттары есебінен тауарлар мен жұмыстарды (қызметтерді) сатып алуға жасасқан, белгіленген тәртіппен ведомствоның аумақтық бөлімшелерінде тіркелген шарттың талаптарына сәйкес аванстық (алдын-ала) төлемдердің сомасы көрсетіледі ;

15-бағанда ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру артық төленген соманың проценттік қатынасы көрсетіледі ;

16-бағанда қуыну мерзімі аяқталған дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі. Көрсетілген берешек активтердің, материалдық қорлардың, ақшаның



, есеп айырысулар мен мемлекеттік мекеме теңгерімінің басқа да баптарын түгелдеу жүргізілгеннен және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен түгелдеу актісі жасалғаннан кейін есепке енгізіледі. 14-бағанда көрсетілген дебиторлық берешектің сомасы 8, 11, 12-бағандарда көрсетілген дебиторлық берешектің сомасына кіреді.

91. ДБ-Б нысаны бойынша дебиторлық берешек туралы есеп мынадай түрде т о л т ы р ы л а д ы :

1-5 бағандарда мыналар көрсетіледі:

бюджет шығыстарының сыныптамалық кодтарына және тауарларды ( жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін ақшаны жұмсау есебінен қалыптасқан берешекті көрсету үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен ақылы қызметтердің тізбесіне сәйкес шығыстардың к о д т а р ы ;

бюджет шығыстарының сыныптамалық кодтары және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаны жұмсаудан қалыптасқан берешекті көрсету үшін 901 «Демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен түсетін шығыстарға арналған ақша» коды;

бюджет шығыстарының сыныптамалық кодтары және бюджет қаражатының жетіспеушілігі және оны талан-тараж жасау нәтижесінде бюджет қаражаты есебінен қалыптасқан берешекті көрсету үшін 902 «Жетіспеушілік» коды;

бюджет шығыстарының сыныптамалық кодтары және өзге де себептер нәтижесінде бюджет қаражаты есебінен қалыптасқан берешекті көрсету үшін 903 « Ө з г е » к о д ы .

6-бағанда 1-5-бағандардағы кодтарға сәйкес атаулар көрсетіледі;

7-бағанда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарына арналған жағдай бойынша өткен жылдардың кредиторлық берешегі көрсетіледі. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы жылдық есепті тапсырған сәттен бастап 7-бағанда көрсетілген кредиторлық берешектің сомасы ағымдағы қаржы жылының ішінде өзгермеуі тиіс.

8-бағанда ағымдағы қаржы жылында Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес тиісті бюджеттің кірісіне аударылған өткен жылдың дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

9-бағанда басқа негіздер (ағымдағы жылы алынған, сот шешімі немесе т.б. бойынша есептен шығарылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) есебінен) бойынша өтелген өткен жылдардың дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

10-бағанда өткен жылғы дебиторлық берешектің ағымдағы қаржы жылында бір бөлігі өтелгеннен кейінгі қалдығы көрсетіледі;

11-бағанда ағымдағы қаржы жылы пайда болған дебиторлық берешектің

с о м а с ы

к ө р с е т і л е д і ;

12-бағанда есепті күнге қалыптасқан жалпы дебиторлық берешек көрсетіледі (11 және 12-бағандардың сомасы);

13-бағанда әлеуетті өнім берушілермен және мердігерлермен бюджет қаражаттары есебінен тауарлар мен жұмыстарды (қызметтерді) сатып алуға жасасқан, бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен ведомствоның аумақтық бөлімшелерінде тіркелген шарттың талаптарына сәйкес аванстық (алдын-ала) төлемдердің сомасы көрсетіледі;

14-бағанда қуыну мерзімі аяқталған дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі. Көрсетілген берешек активтердің, материалдық қорлардың, ақшаның, есеп айырысулар мен мемлекеттік мекеме теңгерімінің басқа да баптарын түгендеу жүргізілгеннен және түгендеу актісі жасалғаннан кейін есепке енгізіледі.

**Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.06.11 № 295 (тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

**92. Алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2012.06.11 № 295 (тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

93. Дебиторлық берешек туралы есептерді тоқсан сайын: жедел - 1 сәуірдегі және 1 қазандағы жағдай бойынша:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ведомствоға – есепті кезеңнен кейінгі айдың 17-сі күнінен кешіктірмей;

2) ведомство – бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне республикалық және жергілікті бюджеттердің дебиторлық берешегі туралы (облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала және астана бюджетінің дебиторлық берешегі туралы жиынтық есеп) және өзге қаражаттың есебінен пайда болған дебиторлық берешек туралы есептерді - есепті кезеңнен кейінгі айдың 23-і күнінен кешіктірмей;

бухгалтерлік теңгерімдердің деректерімен салыстырып тексерілген - 1 шілдедегі және 1 қаңтардағы жағдай бойынша:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары – есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 10-ы күнінен кешіктірмей – есепті қаржы жылынан кейінгі екінші айдың 15-і күніне дейін;

2) ведомство - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне республикалық және жергілікті бюджеттердің дебиторлық берешегі туралы (облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы

бар қала және астана бюджетінің дебиторлық берешегі туралы жиынтық есеп) және өзге қаражаттың есебінен пайда болған дебиторлық берешек туралы есептерді - есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 20-сы күнінен кешіктірмей, есепті қаржы жылы үшін – есепті қаржы жылынан кейінгі үшінші айдың 1-і күніне дейін ұсынады.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

94. Ескерту. 94-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2012.10.30 № 473 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

95. Алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

96. Алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

97. Дебиторлық берешек туралы есептер толық көлемде есепті деректер агрегирленген форматта қағаз тасығышта растала отырып (бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша деректерсіз) және ілеспе хатпен АЖ арқылы жіберіледі.

Есептерге бюджет және өзге қаражат есебінен пайда болған кредиторлық берешектің пайда болу себептері туралы ақпарат осы Ережеге тиісінше 16-1 және 16-2-қосымшаларға сәйкес қоса беріледі.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

98. Ескерту. 98-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 2012.10.30 № 473 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

99. Республикалық бюджеттің дебиторлық берешегі және өзге қаражат есебінен пайда болған берешек туралы есепті 1 сәуірдегі, 1 шілдедегі, 1 қазандағы, 1 қаңтардағы жағдай бойынша ведомствоның есептерді ұсынуының белгіленген мерзімінен кейін бес жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қолдармен бекітпей-ақ, ілеспе хатпен мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшелеріне ұсынады.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми

жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

100. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті (облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің кредиторлық берешегі туралы жиынтық есеп) бюджеттердің дебиторлық берешегі туралы есептерді және өзге де қаражат есебінен пайда болған кредиторлық берешек туралы жиынтық есептерді ДБ-Б-жиынтық және ДБ-Ө-жиынтық нысандары бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды.

101. Мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің дебиторлық берешегі (облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала және астана бюджетінің дебиторлық берешегі туралы жиынтық есеп) және өзге қаражат есебінен пайда болған дебиторлық берешек туралы есептерді 1 сәуірдегі, 1 шілдедегі, 1 қазандағы, 1 қаңтардағы жағдай бойынша - ведомствоның есептерді ұсынуының белгіленген мерзімінен кейін бес жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қолдармен бекітпей-ақ, ілеспе хатпен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшелеріне және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі органға ұсынады.

Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

## **7-бөлім. Қорытынды ережелер**

Ескерту. 7-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 13.11.2013 № 523 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

102. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінің арасындағы бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есептерді, бюджеттің түсімдері мен шығыстары туралы электрондық дерек қорды қалыптастыру және беру бойынша өзара қарым-қатынастарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган реттейді.

Бюджетті атқару жөніндегі  
уәкілетті органдардың бюджеттік  
есептілікті жасау және беру

ережесіне 1-қосымша

\_\_\_\_\_ жылға арналған  
атқарылуы туралы есеп

(бюджеттің атауы)

Республика (облыс, қала, аудан) \_\_\_\_\_

Кезеңділігі \_\_\_\_\_

а й л ы қ \_\_\_\_\_

ж ы л д ы қ \_\_\_\_\_

Өлшем бірлігі: мың теңге

Бюджеттік сыныптама кодтары	Атауы	Есепті қаржы жылына арналған бекітілген бюджет	Есепті қаржы жылына арналған нықтыланған бюджет	Есепті қаржы жылына арналған түзетілген бюджет	Есепті кезеңге арнап түсімдердің және төл бойынша қаржыланды жиынтық жоспар міндеттемелер бойы қаржыландырудың жиынтық жоспары	
					төлемдер бойынша	міндеттем бойынша
1	2	3	4	5	6	7
	<b>I. КІРІСТЕР</b>					
	<i>Салықтық түсімдер</i>					
	<i>Салықтық емес түсімдер</i>					
	<i>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</i>					
	<i>Трансферттер түсімдері</i>					
	<b>II. ШЫҒЫНДАР</b>					
	<i>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</i>					
	<i>Қорғаныс</i>					
	<i>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, соттық, қылмыстық-атқарушылық қызмет</i>					
	<i>Білім беру</i>					
	<i>Денсаулық сақтау</i>					

Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру					
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық					
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік					
Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану					
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорға латын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары					
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі					
Көлік және коммуникация					
Өзгелер					
Қызмет көрсету					
Трансферттер					
<b>III. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ</b>					
Бюджеттік кредиттер					
Бюджет кредиттерін өтеу					
<b>IV. Қ АРЖЫЛЫ Қ АКТИВТЕРМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО</b>					
Қаржы активтерін сатып алу					

	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер				
	<b>V. БЮДЖЕТТІҢ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)</b>				
	<b>VI. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН (ПРОФИЦИТІН) ҚАРЖЫЛАНДЫРУ</b>				
	Қарыздардың түсуі				
	Қарыздарды өтеу				
	Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары				
	<b>Анықтама үшін:</b>				
	<b>Бюджет қаражатының қалдықтары</b>				
	Қаржы жылының басына бюджет қаражатының қалдықтары				
	Есепті кезеңнің соңына бюджет қаражатының қалдықтары				

**кестенің жалғасы**

Қабылданған міндеттемелер	Төленбеген міндеттемелер	Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бюджет түсімдерін және / немесе төленген міндеттемелерді атқару	Есепті қаржы жылына арналған түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бюджет түсімдерін атқару және / немесе төленген міндеттемелер (10- б.:6- б.), %	Атқарылған (бекітілген, түзетілген) бюджетке бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бюджет түсімдерін атқару және / немесе төленген міндеттемелер, %
8	9	10	11	12

Облыстың, ауданның, республикалық (облыстық маңызы бар қаланың, астананың әкімі

\_\_\_\_\_ (қол)

\_\_\_\_\_ (қолды таратып жазу)

М

О

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы

\_\_\_\_\_ (қол)

\_\_\_\_\_ (қолды таратып жазу)

Есепті қалыптастыруға жауапты бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган құрылымдық бөлімшесінің басшысы

\_\_\_\_\_ (қол)

\_\_\_\_\_ (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және беру

ережесіне 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.06.04 N 270 Бұйрығымен.

## Бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есеп

Ескерту. Қосымшаның атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2011.08.03 № 393 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Облыс, қала, аудан \_\_\_\_\_

Кезеңділігі \_\_\_\_\_

а й л ы қ \_\_\_\_\_

ж ы л д ы қ \_\_\_\_\_

Е Өлшем бірлігі: мың теңге

Бюджеттік сыныптама кодтары	Атауы	Есепті қаржы жылына арналған бекітілген бюджет	Есепті қаржы жылына арналған нықтыланған бюджет	Есепті қаржы жылына арналған түзетілген бюджет	Есепті кезеңге арнал түсімдердің және төле бойынша қаржыландыру жиынтық жоспары, міндет бойынша қаржыландыру жиынтық жоспары	
					төлемдер бойынша	міндеттемел бойынша
1	2	3	4	5	6	7
	<b>Барлығы</b>					

